

1-4 сыныптарда Психология апталығы

23.11-27.11.2020 ж аралығында мектеп педагог-психологы Р.С. Абдуалиева **1-4 сынып оқушылары үшін «Психологиялық апталығын»** өкізді.

Осы іс-шараның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- танымдық қызығушылықты, білім құмарлықты, оқу белсенділігін жандандыру;
- психологиялық білімді және мектептің психологиялық қызметінің жұмысын насихаттау;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының психологиялық денсаулығының алдын алу.
- психология ғылымы туралы білімді кеңейту, психологиялық білімнің адам өміріндегі рөлі мен орны;
- оқушылардың бойында мектеп өміріне жағымды қатынасты қалыптастыру, оқу мотивациясын дамыту;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін белсендіру, сәттілік сезімін қалыптастыру.

«Апталықтың» ашылуы психология апталығының бірінші күні болды, сыныптарда көңіл-күй плакаты ілінді, мұғалімдер мен оқушыларапта жоспарымен, негізгі іс-шаралармен танысты.

1. «Көңіл-күй апталығы» плакатымен жұмыс (күн сайын).

Әр сыныпта «Көңіл-күй аптасы» плакаты ілінген, онда барлық сынып оқушылары, апта бойы өздерінің күнделікті көңіл-күйлерін белгілеп отырды. Оқушылардың эмоционалды жағдайын анықтау үшін көңіл - күйдің түс диапазоны ұсынылған және оны қолдану принципі түсіндіріледі: сары - қуанышты, жасыл - байсалды, сұр-мүлде көңіл күйім жоқ.

Педагог-психолог пән апталығында мектеп оқушыларының қарым-қатынастарын, өзара әрекеттесуді жән үзілістер арасында қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған ойындар өткізілді.

2. Ребустар сайысы.

Күні бойы үзілістерде педагог-психолог ребустар конкурсын өткізді. Ребустар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген (1-2 сыныптарда).

Мақсаты: логикалық ойлауы, есте сақтау қабілеті дамиды, зеректік пен ойлау жылдамдығын дамытады, сөздік қоры молаяды.



3.«Менің отбасым»1-2 сыныптарда суреттер байқауы өтті.



4.3 сыныптарға арналған кроссвордтар күні.

Мақсаты: Кроссвордтарды шешу есте сақтауды жаттықтырады және ой-өрісті кеңейтеді. Сөзжұмбақтың кейбір түрлері шапшаңдық пен ассоциативті ойлауды дамытуға ықпал етеді.



5. 4 сыныптарға арналған «Із кескіш» ойыны

Мақсаты:

1. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
2. Балалар командасының ұйымшылдығы.
3. Жалпы эмоционалды қолайлы фон қалыптастыру.
4. Мектеп туралы идеялар мен білімдерді дамыту.

6. Күні бойы үзілістерде педагог-психолог «Оқушылардың міндеттері мен ережелері» атты алдын алу бағыты бойынша психологиялық сағатпен аяқталды (2-4 сыныптарда)

Мақсаты:

1. Оқушыларға мектеп ережелері туралы әңгімелеу, түсіндіру.
2. Балалардың білімге деген құштарлығын ояту.
3. Оқушылардың теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту.
4. Оқушыларды ұйымшылдыққа, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

